

**Жануарлар бруцеллезі және онымен
күрес шаралары**

Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты



Әбутәліп Әспен Әбутәліпұлы – в.ғ.д., профессор


Жануарлар бруцеллезі - созылмалы өтетін, іш тастау, шуы түспеу, эндометрит, орхит, артрит және жыныстық қабілетінің бұзылуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру. Ауру қоздырушысы –

Brucella туыстастығына жататын бактерия

Бруцеллез қоздырушысын алғаш рет ағылшын зерттеушісі Д. Брюс 1886 жылы Мальта аралында өлген жауынгердің талағынан тапқан. Кейіннен аралдағы адамдардың ауруға шалдығуы ешкінің шикі сүтін пайдалануынан болғандығы белгілі болды және оның себебін алғаш анықтаған ғалымның (Брюстің) құрметіне **бруцеллез** деген ат берілді.



Д. Брюс



Бруцеллалардың микроскоптағы көрінісі

Қазіргі кезде бруцеллез қоздырғыштары кейбір биологиялық қасиеттерінің ерекшеліктері және белгілі бір жануар ағзасында тоғышар тіршілік ету қабілетіне байланысты 10 түрге бөлінеді.

БРУЦЕЛЛА ТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТОҒЫШАР ТІРШІЛІК ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ИЕСІ

БРУЦЕЛЛА ТҮРІ (ТҮР ІШІ)	НЕГІЗГІ ИЕЛЕРІ
BRUCELLA MELITENSIS (HUGHES 1893) MEYER AND SHAW 1920	ҚОЙ, ЕШКІ
BRUCELLA ABORTUS (SCHMIDT 1901) MEYER AND SHAW 1920	ІРІ ҚАРА МАЛ
BRUCELLA SUIIS HUDDLESON 1929	ШОШҚА, ҚОЯН, СОЛТ.БҰҒЫ, ТЫШҚАН ТӘРІЗДІ КЕМІРГІШТЕР
BRUCELLA OVIS (HUDDLE 1956)	ҚОШҚАР, ҚОЙЛАР
BRUCELLA NEOTOMAE (STOENNER AND LACKMAN 1957)	ШӨЛ ЖӘНЕ БҰТА АТЖАЛМАНДАРЫ
BRUCELLA CANIS (CARMICHAEL AND BRUNER 1968)	ИТ
BRUCELLA CETI SP. NOV. (CLOECKAERT ET AL., 2001; FOSTER ET AL., 2007)	ТЕҢІЗ ЖАНУАРЛАРЫ МЕН ДЕЛЬФИНДЕР
BRUCELLA PINNIPEDIALIS SP. NOV. (CLOECKAERT ET AL., 2001; FOSTER ET AL., 2007)	ТЕҢІЗ СҮТ ҚОРЕКТІЛЕРІ
BRUCELLA MICROTI SP. NOV. (HUBALEK ET AL. 2007) SCHOLZ ET AL. 2008)	ДАЛА АТЖАЛМАНДАРЫ
BRUCELLA INOPINATA	БРУЦЕЛЛЕЗБЕН АУРУ ӘЙЕЛДІҢ СҮТ БЕЗІ ИМПЛАНТАТЫНАН БӨЛІНІП АЛЫНҒАН

КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ МОЛЕКУЛЯРЛЫ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША BRUCELLA ТҰҚЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТЕК 1 ТҮРІ-В. MELITENSIS БАР ЖӘНЕ ҚАЛҒАҒАҒАРЫ ОНЫҢ КӨП БИОВАРЛАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ДЕГЕН ГИПОТЕЗА ТАЛҚЫЛАНЫП ЖАТЫР (J.M. VERGER, 1985).


Қоздырушының сыртқы ортаға төзімділігі

Салқындатылған сүтте 6-8 күн,
қышқыл сүтте - 3-4 күн,
кілегейде - 4-7 тәулікке дейін,
ірімшіктерде 40-50 күн,
тұздалған етте - 3 ай,
мұздатылған ет пен жүнде - 5 ай,
бруцеллезбен ауырған жануар
лардың сойыс өнімдерінде - 3 апта,
суда, жем-шөпте, нәжісте және
төсеніште - 4 айға дейін сақталын
ады.

60-65⁰ С қыздырғанда олар 15-30
минутта, **70-75⁰С**-та - 5-10 минут
та,, ал **100⁰ С**-де бірден өледі.



Бруцеллездің жануарлардағы клиникалық белгілері



Сиыр мен қойдың іш тастауы



Шошқадағы орхит



Шудың түспеуі



Сиыр мен шошқадағы артрит



**Адамдардағы бруцеллездің кейбір белгілері
(аяқ және қол буындарының қабынуы).**




Жануарлардағы аурудың бірден бір клиникалық белгісі- ол олардың іш тастауы, яғни аборт. Ондай жануарлар шаранамен, шумен, түсікпен және жыныс жолдарынан аққан сорамен ауру қыздырушысын аса мол мөлшерде (миллиардтаған)бөліп шығарады. Ауру қоздырушы микроб сонымен қатар сүтпен, шәуетпен, нәжіспен және несеппен сыртқы ортаға бөлініп шығады. Сиырдың желінінде бруцеллалар 7-9 жыл, ал қойда 2-3 жыл сақталып, оқтын-оқтын сүтпен бөлініп тұрады. **Сыртқы ортаға бөлініп шыққан бруцеллез қоздырғыштарымен аула, мал қоралары, астау, жем-шөп, суат ластанып, олар арқылы ауру басқа жануарларға тарайды. Ауру малдан бруцеллез басқа малдарға бір бірімен жанасу, немесе шағылысу кезінде, ал төлдерге енесінің сүті арқылы жұғады.**

Адамдағы бруцеллездің жалпы белгілеріне ұзаққа созылатын дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, жоғарғы тітіркендіштік, ұйқының, тәбеттің бұзылуы, жұмыс қабілетінің төмендеуі жатады. Адамдардың денесі, еттері және буындары ауырады. Жүйке жүйесінің қабынуы неврит, полиневрит, радикулитпен сипатталады.


Ер адамдарда орхит, эпидидимит, жыныс қабілетінің төмендеуі, ал әйелдерде сальпингит, аменорея, бедеулік пайда болады. Жүкті әйелдер өлі тууы немесе түсік тастауы, ал балаларда туа біткен бруцеллез дамуы мүмкін.

Адамдар бруцеллезді жануарлардан жұқтырады. Ауру малдан бруцеллез адамдарға залалсыздандырылмаған тағам өнімдері, мал шикізаты арқылы, алиментарлық және жанасу арқылы жұғады. Бұл кезде негізгі рольді ауру малдан алынған шикі сүт өнімдері, ет, жүн және тері атқарады. Бруцеллез адамнан адамға берілмейді.

Бруцеллездің адамға жұғу жолдары.



Бруцеллез қоздырушысының бастауы



ХЭБ мәліметіне сәйкес бруцеллез

мына елдерде тіркелген:

- Европаның - 28,
- Американың - 18,
- Азияның -12,
- Африканың – 21 елінде;
- ТМД елдерінің ішінде Қырғызстан, Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан.



Осы республикалар қазір адамдардың бруцеллезбен ауру деңгейі ең жоғары әлемдегі 25 елдің қатарына енді.

2017-2019 жж ҚР аумағын ІҚМ бруцеллезге шалдығу деңгейі бойынша аймақтарға бөлу нәтижелері.


№	ІҚМ бруцеллезге шалдығу деңгейі	Облыстар саны және ҚР аумағында бруцеллездің таралуы, %	Облыс атауы және ондағы жануарлардың бруцеллезге шалдығу пайызы (3 жылдағы орташа көрсеткіш)
1	Жоғары деңгей (0,5% және одан жоғары)	7 (50%)	БҚО- 1,2%, Павлодар -1,0%, ШҚО- 0,9 %, Қостанай, Ақтөбе, Қарағанды - 0,6%, Атырау 0,53%
2	Орташа деңгей (0,21% - 0,5%)	2 (14,3%)	Ақмола - 0,4%, СҚО - 0,21 %
3	Төмен деңгей (0,1% -0,2%)	3 (21,4%)	Жамбыл - 0,13% Алматы, Қызылорда - 0,1 %,
4	Таза аймақ (0,1% дейін)	2 (14,3%)	Түркестан - 0,06 % Маңғыстау - 0,00 %.



2017-2019 жж.. ІҚМ бруцеллезге шалдығу деңгейі бойынша ҚР аумағын аймақтандыру картасы

2017-2019 жж. ҚР аумағын ҰММ бруцеллезге шалдығу деңгейі бойынша аймақтарға бөлу нәтижелері.

№	ҰММ бруцеллезге шалдығу деңгейі	Облыстар саны және ҚР аумағында бруцеллездің таралуы, %	Облыс атауы және ондағы жануарлардың бруцеллезге шалдығу пайызы (3 жылдағы орташа көрсеткіш)
1	Жоғары деңгей (0,07% және одан жоғары)	6 (42,9%)	Атырау -0,4 %, ШҚО - 0,13 %, Ақмола- 0,12%, БҚО - 0,1%, Ақтөбе және Жамбыл - 0,08%
2	Орташа деңгей (0,02% ден 0,07%)	6 (42,9%)	Алматы -0,06 %, Қостанай - ,04%, Павлодар - 0,03%, СҚО, Қызылорда, Түркістан - по 0,02%
3	Таза аймақ (0,02% дейін)	2 (14,2%)	Қарағанды- 0,01 %, Маңғыстау- 0,00 %



2017-2019 жж. ҚР аумағын ҰММ бруцеллезге шалдығу деңгейі бойынша аймақтандыру картасы


2019 жылы жануарлар бруцеллезінің ҚР аумағында таралу көрсеткіштері

№	Облыс атауы	Барлық АО саны	Олардың қан шасынан ауру анықталды, абс.сан./ %	Барлық ЭБ саны (елді мекен, ұйымдас қан шаруашылық: ЖШС, ШҚ, ЖК, АҚ, ЖҚШ ж.б)	Олардың қан шасынан ауру анықталды, абс.сан./ %
1	БҚО	152	137/90,1	3303	716/21,6
2	Павлодар	146	122/83,5	1980	252/12,7
3	Жамбыл	160	129/80,6	1980	219/11,06
4	Актөбе	146	115/78,8	2573	498/19,3
5	Түркістан	183	133/73,2	2265	301/13,63
6	Қостанай	248	169/68,1	1522	369/25,7
7	Атырау	72	48/66,7	371	88/23,7
8	ШҚО	252	163/65,1	3286	701/21,3
9	Қарағанды	208	133/64,0	3486	310/8,6
10	Ақмола	247	153/61,1	1200	223/18,6
11	Алматы	253	146/57,7	6574	3476/52,8
12	СҚО	196	68/34,8	1425	125/8,7
13	Қызылорда	146	36/24,2	1624	40/2,5
14	Манқыстау	46	2/4,3	296	2/0,96
	Барлығы	2455	1554/63,2	31885	7320/23,0

2017-2019 жж. Түркістан облысында бруцеллезбен ауырған 1435 бас ІҚМ (жыл сайын 487), 2582 бас ҰММ (жыл сайын 860) бас анықталынды.

Бруцеллезбен адам де ауырады. Соңғы 10 жыл ішінде республикада жыл сайын мыңға дейін, кейде одан да көп адамдар бруцеллезбен ауырды, олардың 70-80% - ауруды ҰММ, 10-15% ІҚМ хұқтырған, ал 5-10% -да жұқтыру көзі анықталмады. Бруцеллезбен ауырған адамның ең көп саны Түркістан және Жамбыл облыстары сияқты ҰММ ең көп шоғырланған жерлерде кездесті.

2014-2018 жж Түркістан облысында бруцеллезбен ауырған адамдар динамикасы .





Соңғы 5 жыл ішінде Түркістан облысында бруцеллезбен 1216 адам ауырса, оның 177-сі Түркістан, 142-сі Ордабасы, 126-сы Бәйдібек және 120-сы Қазығұрт аудандарында тіркелді, осы кезеңде аталған аудандарда бруцеллезбен ауырған жануарлар саны да көп мөлшерде болған

**Түркістан облысы аудандарын 2014-2018 жж. ІҚМ және ҰММ
бруцеллезге шалдығуы бойынша аймақтарға бөлу**

№	ІҚМ бруцеллезге шалдығу деңгейі (орта есеппен 5 жыл ішінде - 0,05%)	Аудандар мен қалалар атауы
1	Жоғары (0,05% -дан 0,1% -ға дейін) – 5 аудан, бұл облыс аумағының 33,3% кұрайды.	Төлеби(0,1%), Сайрам (0,09%), Ордабасы (0,07%),Түлкібас (0,07%), Түркістан (0,06%)
2	Төмен (0,01-ден 0,05% -ға дейін) – 10 аудан, бұл облыс аумағының 66,6% құрайды.	Арыс(0,04%),Сарыағаш(0,04%),Шардара(0,038%), Шымкент қ(0,03%).Кентау(0,03%),Бәйдібек(0,02%), Қазығұрт (0,02%),Отырар (0,02%), Мақтарал (0,01%),Созақ (0,01%).
3	Бруцеллезден таза	жоқ

№	ҰММ бруцеллезге шалдығу деңгейі (орта есеппен 5 жыл ішінде - 0,04%)	Аудандар мен қалалар атауы
1	Жоғары (0,04% -дан 0,08% дейін) – 5 аудан, бұл облыс аумағының 38,5% кұрайды.	Төлеби (0,08%), Шымкент (0,08%). Сайрам (0,07%), Түлкібас (0,07%), Созақ (0,07%), Түркістан (0,06%)
2	Төмен (0,01-ден 0,04%-ға дейін) – 10 аудан, бұл бұл облыс аумағының 61,5% кұрайды.	Бәйдібек (0,04%), Кентау қ (0,04%). Қазығұрт(0,04%),Ордабасы(0,03%), Сарыағаш (0,03%), Арыс (0,02%), Отырар(0,02%),Мақтаарал (0,01%), Шардара (0,01%),
3	Бруцеллезден таза	жоқ



2014-2018 жж.. Түркістан облысы аумағын жануарлардың бруцеллезге шалдығу деңгейі бойынша аймақтандыру картасы
ІҚМ (сол жақта) және ҰММ (оң жақта)

Бруцеллездің таралуы мен шаруашықтардың одан таза болмауының негізгі себептері:



кейбір себептермен ауылшаруашылық жануарларының бәрі бірдей, толықтай бруцеллезге жоспарлы диагностикалық зерттеулермен қамтылмауы; мал иелерінің жануарлардың бруцеллезге тән клиникалық белгілерін, мысалы іш тастағанын жасырып, ол туралы ветеринария мамандарына хабарламауы, одан әрі осындай патологиялық материалдардың бруцеллезге зерттеу үшін ветеринария зертханаларына уақылы жеткізілмеуі;

ауру анықталған шаруашылықтарды тез арада бруцеллезден таза емес деп жариялап, онда шұғыл сауықтыру шараларын ұйымдастырмау;

басқа шаруашылық, аудан немесе облыстардан әкелінген жануарларды 30 күн бойы караантинде ұстап, бруцеллезге тексеру тәртібінің кей жағдайларда сақталмауы;

шаруашылық ішінде немесе аудан, облыстар арасында бруцеллезбен ауырған малдардың бақылаусыз орын ауыстыру фактілерінің кездесуі;

мал фермаларының ветеринариялық-санитариялық жағдайының төмен болуы;

ауру анықталғаннан кейін жануарларды тез арада оқшаулап, сою орнына жіберу тәртібінің сақталмауы;

ауру аналықтан алынған төлдерді енесімен қоса етке тапсырмай шаруашылықта алып қалу;


бір табын немесе аулада әр түрлі жастағы және әр түлік жануарларды бірге ұстап бағу, олардың арасында індеттің тез таралуына септігін тигізеді;

ауру және сау жануар топтарының жайылым немесе суаттарда жанасуы;

індет ошақтарында ветеринариялық-санитариялық, дезинфекциялық шараларды толық орындамау;

ірі қара мен ұсақ малды бруцеллезге қарсы иммундеу үшін арнайы профилактика шараларын, яғни вакцинацияны қолданбау және т.б.

БРУЦЕЛЛЕЗБЕН КҮРЕСТІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ ОСЫ АУРУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ІНДЕТ ТІЗБЕГІН ҮЗУ; ЯҒНИ ІНДЕТ ТІЗБЕГІНІҢ НЕГІЗГІ 3 БУЫНЫНЫҢ (АУРУ ҚОЗДЫРУШЫСЫНЫҢ БАСТАУЫ, ҚОЗДЫРУШЫНЫҢ АУЫРҒАН МАЛДАН САУЫНА БЕРІЛУ ТЕТІКТЕРІ ЖӘНЕ ОСЫ АУРУҒА БЕЙІМ ЖАНУАРЛАРДЫҢ БІР БІРІМЕН ӘРЕКЕТТЕСУІН БОЛДЫРМАУ.



1-буын
Ауру қоздырушысының бастауы



2-буын
Қоздырушының берілу тетігі

ІНДЕТ ПРОЦЕССИНІҢ ТІЗБЕГІ


ОСЫ АЙТЫЛҒАНДАРҒА НЕГІДДЕЛІНГЕН БРУЦЕЛЛЕЗБЕН КҮРЕСУДІҢ НЕГІЗГІ 3 ТӘСІЛІ БАР, ОЛАР:

- 1) АУРУҒА ШАЛДЫҚҚАН МАЛ ТАБЫНЫН ТҮГЕДЕЙ СОЮҒА ЖІБЕРУ.**
- 2) БРУЦЕЛЛЕЗДІ АНЫҚТАУ ҮШІН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР ЖҮРГІЗІП, АУРУҒА ШЫҚҚАН МАЛДАРДЫ ОҚШАУЛАП, ЕТКЕ ТАПСЫРУ**
- 3) БРУЦЕЛЛЕЗДІ АНЫҚТАУ ҮШІН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР ЖҮРГІЗУМЕН ҚАТАР, БРУЦЕЛЛЕЗГЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ.**

Тірі тасымалдаушылар



Қоздырушыны тарату факторлары
(су, жем-шөп, топырақ ж.т.б)



3-буын
Ауруға бейім маодар

Бруцеллезге қарсы шаралар стратегиялық тұрғыдан мыналардан тұрады:

- ұйымдастыру-шаруашылық шаралары;
- ветеринариялық-санитарлық шаралар;
- арнайы ветеринариялық шаралар.

Қазіргі жағдайда негізгі **ұйымдастырушылық-шаруашылық** шараларына:

- эпизоотологиялық бірліктерді қалыптастыру (ЭБ);
- жануарларды және ЭБ сәйкестендірудің (ИСЖ) тиімді тетіктерін қарастыру;
- ІҚШ тиімділігін арттыру үшін мал иелеріне, тапсырылған ауру мал үшін берілетін өтемақыны тиісті мөлшерде беру.
- мал шаруашылығы субъектілерін вет-санитарлық нысандармен (көң,өлексені залалсыздандыру, ветпункт, авто,расколдар т.б. құрал жабдықтармен) қамтамасыз ету;
- эпизоотиялық тізбектің үзілуіне ықпал ететін мал өсірудің технологиялық әдістерін қалыптастыру: мысалы, әр түрлі эпизоотиялық статусы бар мал топтарын бөлек ұстау, «бәрі бос- бәрі бос емес» қағидасын орындау ж.т.с.с.

Ветеринариялық-санитарлық шараларға :

патогенді микобтармен ластануы мүмкін қоршаған орта объектілерін **дезинфекциялау; дератизация** (қоздырғыш тасымалдаушы кеміргіштермен), **дезинсекция** (қан соратын жәндіктермен) күрес.

Бруцеллезге қарсы **арнайы шараларға мыналар жатады:**

- уақтылы және сапалы диагностика;
- арнайы профилактикалық заттарды қолдану.

Бруцеллезді балауда қолданатын зертханалық әдістер




Розбенгал сынамаcы



Аггютинация реакциясы



Комплемент байланыстыру
реакциясы




Сүтпен сақина реакциясы



Бактериологиялық зерттеу



Полимеразды тізбекті реакциясы



Жануарлар бруцеллезін диагностикалау әдістері

1. Жануарлар бруцеллезін серологиялық диагностикалаудың ресми әдістері: **РБС және КБР**, ветеринариялық зертханаларда реакцияларды қайта қою кезінде - антиденелер титрін анықтау үшін – **АР** қолданылады.

2. Бруцеллезден таза шаруашылықтарда жануарлар (вакцинацияланбаған) бруцеллезге **12** айлық жастан, ал бруцеллезден таза емес шаруашылықтарда **6** айлық жастан бастап тексеріледі: Вакцинацияланған жас малдар бруцеллезге **-18** айдан кейін, ал ересек жануарлар вакцинаны қолдану жөніндегі **нұсқаулықта көрсетілген мерзімде** тексеріледі. Жануарлар **буаздық мерзіміне** қарамастан зерттелуге жатады. Аналық **қойлар мен мегежіндерді** бруцеллезге төлдегеннен кейін **1 ай** өткен соң зерттейді.

3. Жануарларда бруцеллезге **күман туғызатын** клиникалық белгілер болған кезде, немесе **бруцеллезден таза шаруашылықтарда** жануарларды серологиялық тәсілмен зерттегенде оң реакция берген жануарлардан алынған патологиялық материалды **ПТР немесе бактериологиялық әдіспен** (биологиялық сынамамен қоса) тексереді. Бұл әдістер тексерілген мал табынының (отардың) бруцеллез жөніндегі мәртебесін анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар бруцеллезге қарсы күрестің одан әрі стратегиясын анықтау үшін қолданылады.

Материалдардан бруцеллез қоздырушысы бөлініп алынған жағдайда, бұл ЭБ-ті **депопуляцияға** (түгелдей союға) жібереді.

Бруцеллезден таза шаруашылықтарда ЭБ бруцеллез

Жануарлардың барлық түрлері **12** айлық жастан бастап серологиялық әдіспен бруцеллезге тексеріледі

Серологиялық зерттеулер оң нәтижелері көрсеткен жағдайда

Егер серологиялық зерттеулердің нәтижелері күмәнді болса, жануарларды бөлек ұстайды және 3-4 аптадан кейін оларды осы ЭБ-нің қалған жануарларымен бірге сол әдістермен қайта зерттейді.

Зерттеу нәтижелері теріс, бруцеллездің клиникалық көріністері болмаса - ЭБ мәртебесі **таза** деп есептеледі

Зерттеу нәтижелері оң немесе бруцеллездің клиникалық көріністері байқалса, ЭБ мәртебесі –**таза емес**, яғни **қолайсыз** болып саналады

Оң реакция бергендерді **союға** жібереді және олардан ПТР немесе бак.әдісімен зерттеу үшін **патологиялық материал сынамалары** алынады

ПТР немесе бактериялық әдіс бойынша **оң нәтиже** алынса, ЭБ-ке **шектеу** қойылады. Егер **бруцеллез қоздырушысы** бөлініп алынса, оны жіктеп типін анықтайды, ал осы ЭБ жануарларды **депопуляцияға** жібереді.

ПТР немесе бактериологиялық әдіс нәтижелері теріс болса, содан кейін осы ЭБ жануарларын, қосымша 2 мәрте серологиялық әдістермен зерттейді

Қосымша зерттеулерде оң нәтижелер алынса – ЭБ мәртебесі **таза емес** саналады

Қосымша зерттеулердің нәтижелері теріс болса, -ЭБ мәртебесі **таза** деп саналады

Бруцеллезбен күрес стратегиясы

ЭБ бруцеллез бойынша мәртебесі анықталынғаннан кейін, аудандарды (ауылдық округтерді) белгілі бір эпизоотологиялық сипаттамаға сәйкес, шартты түрде 3 топқа (А, В, С) бөледі.

А тобы: бруцеллез инфекциясынан шартты түрде таза.

Бұл, аумақтағы орналасқан барлық ЭБ-тердің барлығында да бруцеллезбен ауырған малдар кездеспейтін аудандар (ауылдық округтер). Бұл топта бруцеллезден сәттілік жағдайын сақтау үшін шаруашылыққа ауру қоздырғышының енуіне жол бермейтін шаралар жүргізіледі.

В тобы: ауру деңгейі төмен аудандар (ауылдық округтер)

Бұл бруцеллезге шалдыққан жануарлар анықталынған ЭБ-тердің саны 1% -дан аспайтын аудандар (ауылдық округтер). Мұнда сауықтыру шаралары жүйелі диагностикалық зерттеулер жүргізіп, ауру малдарды тез оқшаулап союға жіберу немесе кейбір жануар топтарын бруцеллезге қарсы иммунизациялау арқылы жүргізіледі.

С тобы: ауру деңгейі жоғары аудандар (ауылдық округтер)

Бұл бруцеллезге шалдыққан жануарлар анықталынған ЭБ-тердің саны 1% -дан асатын аудандар (ауылдық округтер). Мұнда, әрбір ЭБ-тегі 6 айдан асқан барлық жануарлардың бруцеллезге шалдығу деңгейін анықтап, одан әрі қолданылатын бруцеллезбен күрес тактикасын анықтайды (жүйелі түрде диагностикалық зерттеулер жүргізу немесе вакцина қолдану арқылы).

Бруцеллезге қарсы қолданылатын вакциналар **ҚР** немесе **ЕАЭО** мүше елдерінде тіркеліп, Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы (**ХЭБ**) ұсынған www.oie.int веб-сайтында жарияланған, тізімде болуы керек:

V.abortus RB-51



V.abortus шт.19
(конъюк.)



V.melitensis
REV-1



V.melitensis REV-1
(конъюк.)



V.melitensis
(Ocurev)



Бруцеллезге қарсы вакцинаны жануарлардың иесі таңдайды және **ЖВО**-мен келіседі. Бруцеллезден таза емес және бруцеллез жұғуы жөнінен қатер төнген шаруашылықтарда **жас малдарды** бруцеллезге қарсы иммунизациялау үшін вакциналар сатып алу және оларды пайдалану **мемлекеттік бюджет қаражаты** есебінен, ал **ересек** жануарларды иммунизациялау немесе реиммунизациялау **жануарлардың иелері** есебінен жүзеге асырылады.

Бруцеллезден таза емес ЭБ сауықтыру

Барлық жануарларды 6 айдан бастап серологиялық зерттеу

Жануарлардың аурушандығы 5% -дан аз болса, жүйелі диагностикалық зерттеулер жүргізіледі

Оң реакция берген жануарларды уақтылы оқшаулау және союға жіберу

Жануарларды қатарынан 2 рет теріс нәтижелері алынғанға дейін арасына 3-4 апта салып серологиялық әдіспен зерттеу

Бақылау-диагностикалық зерттеу кезінде оң реакция бергендер жоқ болса – шектеу шаралары алып тастайды

Ауруға шалдығу 5% -дан жоғары болса, жас жануарларды (бұзау, қозы-лақ) жаппай иммундеу ұсынылады.

Ауруға шалдығу 10-дан 20% -ға дейін болса, онда шағылыс алдындағы қашарларды немесе сиырларды R-формадағы (RB-51), S-формадағы мөлшері азайтылған вакциналармен (шт.19, Rev-1) немесе оларды конъюнктивалық тәсілмен қолдану арқылы. егуге рұқсат етіледі.

Егер ЭБ ауруға шалдығу 20% -дан асса, барлық жануарларға жаппай вакцинация немесе оларды депопуляциялау қарастырылуы мүмкін.

*Назар қойып тыңдағандарыңызға
рахмет!*

*Байланыс үшін: Алматы қ., Райымбек дпңғ.223.,
“ҚазҒЗВИ” ЖШС 8(7272) 337271
ұялы тел. 8 747 714 8326*